

## ЖОҚ ӨГІЗБЕН ШАЙҚАС

Біз осының алдында ғана М.Шахановтың алып тұлғасы жан-жақты бейнеленген «Ғажайып ғұмырбаян» атты, біршама көлемді, деректі зерттеу мақала құрастырыған едік. Атақты ақын, әйгілі саясаткердің өз аузынан айтылған, қаншама ақпарат көзінде неше қайыра басылған, таңбалы мағлұматтар негізінде. Өзінің айрықша болмыс-бітімі туралы М.Шахановтың төл ұғымының нақты көрінісі ғана емес, жалпы жүртімшыздың көкейіне түскен, берік орнықкан сенім мен қалыпты танымының айна-қатесіз сұлба-суреті. Таңырқай отырып тізіп шықтық. Біз үшін үлкенді-кішілі, қажетті, қайткенде де ауыр жұмыстар арасындағы бой жазар ойын еді. Және өзгеше тәсіл.

Бір кереметі, бүгінде бейресми қазақ баспасөзі мен электрондық ақпаратта, кейде тікелей, кейде мейлінше мипаздал, республика президентінің өзінің атына әрқиыл тілек, пікірлер айтылып жатады, ал «Ұлттың ұлы тұлғасы» атанған алып ақынға шаң жуымауга тиіс. Тасқа басылмайды, компьютер сайттарына өткізілмейді, коммент түрінде әлдекалай жазылып қалған теріс, тіпті, бейкүнә ескертпелердің өзі сүзгіге түседі, кездейсоқта кетіп қалса, қолма-қол өшірілмек. Айттық, Назарбаевты сынауға болады, ал Шахановқа қатысты әлденендей жеңіл-желпі уәж келтірген кісі – халық жауы есепті. Сондықтан, бүгінгі казақтың өз тілінде кейіптеуге тұра келген. Осының өзі жүртқа жаға қойса. Мейлі. Ғұмыр бойы өз сөзімізді айтып келеміз. Ең алдымен өзіміз үшін. Енді тұрасына көшейік. Тағы да М.Шахановтың төл лепесі, жарияға шыққан сөздері мен өлеңі арқылы. Бұл жолы жалаң цитаталар емес, азгана түсініктеме арқылы.

«1982 жылы маған Бұқілодақтық Ленин комсомолы сыйлығы берілді», – деп жазады М.Шаханов, ғұмырбаяндық кезекті толғауларының бірінде. Мұнысы рас. Бұдан әрі өзгеше бір мағлұмат. «Ол – шығармаларымның бұқіл Кенес Одағы жастарына белгілі бола бастаған, орыс халқының арасында өлеңдерімді жатқа айтушылардың бой көрсете бастаған шағы еді» («Аңыз Адам» – №12, 2012). Бұл шынайы ақпарды одан әрмен сабактап айтсақ, көп ұзамай біздің алып ақынымыздың өлеңдері Ресей шегінен өтіп, жер жүзінен кеңінен таралады және айрықша бағаланған. Бұл ретте де нақты деректер жетіп артылады екен. «Мәселен, – деп жазады Шахан, – мен қайбір жылы Жапонияда болып, сегіз қаласында кездесу өткіздім. Сонда жапонның қыз-жігіттері мениң өлеңдерімді жатқа айтып тұрды кездесуде, өз ана тілдерінде» («Нұр.кз» –

18.X.2011). Және: «Көптеген елдерде менімен кездесулер өткізілді. Мәселен, Жапонияға барғанда жапондар, Францияға барғанда француздар өлеңдерімді жатқа айтып шықты» («Алтайның» – 17.I.2014; «Інжү.кз» – 24.I.2014). «Жапонияда жапон тілінде, Германияда неміс тілінде өлеңдерімді жатқа оқыған адамдарды көрдім» («Аңыз Адам» – №12, 2012). Өз тарабымыздан үстеме дәйектеме бере кетейік. Қазір мен Америкада тұрам гой. Вашингтонмен жапсарлас кенттердің бірінде. Қажетті шаруаң шыға қалса, жиырма минутта астананың орталығына жетуге болады. Осындаіттік аттаныстардың бірінде, АҚШ президенті Обаманың атаулы шақыртуымен арнайы бара қалып едім, тұра Ақ Үйдің алдында Шаханың өлеңдерін ағылшын тілінде жатқа айтып жүрген, әлем-жәлем киімді тұтас бір шоғыр – ақ, қара, қоңыр, құбақан, сары-ала, торы-ала американ жастарына ұшырастым. Қырыдағы Жапония, аралықтағы Германия мен Франциядан озып, мұхиттың арғы (мен үшін бергі) бетіне де жетіпті. Хош, күмәнсіз күәліктен соң әуелгі сорабымызға қайтып оралайық.

«...Ленин комсомолы сыйлығы берілді. Сол кезде Бүкілодақтық лениншіл Комунистік Жастар Одағы Орталық комитетінің арнайы қаулысымен бірнеше елді кемемен аралайтын сапар ұйымдастырылды. Оған Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен 700-дей еңбек озаттары, жас ғалымдар, студенттер, одақтас республикалардағы комсомол жетекшілері іріктеліп алыныпты. Ақын-жазушылар арасынан бұл топқа мені ғана ендіріпті... Сонымен, бірнеше күн саяхат шегіп, алдымен Италияға, сосын Испанияның Барселона қаласына келіп тұмысқ тіредік.»

Бұл Барселонада біз де болып едік. Біршама кейін, Жетпіс жылдығымды немерелеріммен тойлау кезінде, Испания королі Хуан Карлостың ілтипатын күтпей, өз бетімізben барып, еркін аралағанда. Сонда, ығы-жығы, ырду-дуылды қаланың, әрқылды сайқымазактар әр тұста қатар түзеп, өнер көрсететін орталық даңғылында, бір топ жас жігіттердің гитараға қосып, өздерінің каталан, бәлкім, испан тілінде Шаханов жырларын термелеп түрғанын көріп, кеудемізді шаттық пен масаттық кернегенін айта кету парыз сияқты. Хош. Енді ол заманда өлең-жырлары Испанияға жетіп үлгермеген Шаханың өзіне сөз берейік:

«Содан бәрімізді қала орталығындағы стадионға алып барды. Бұл арада жүрт, негізінен, өгізбен жекпе-жекті тамашалайды екен...»

Осы арада шағын дәйектеме. Кішпейіл ақыннымыздың «өгізбен жекпе-жек» деп отырғаны – испан жүртінің «Коррида» аталағын қастерлі ұлттық ойыны. Мериме–Бизенің «Кармен» операсында көрініс тапқан, кейінде көптеген испан жазушыларымен қатар, Эрнест Хемингуэй қызығылтықты хикаят арнаған һәм тағы бірнеше шығармасына арқау еткен өзгеше өнер. Және аланға біз көрген қалқоздың көтерем өгізі емес, арнайы жемделіп, шу асау қалпында бапталған дөнен бұқа шығарылмақ. Әлбетте, елеусіз ұсақ-түйек, М.Шаханов коррида туралы трактат жазып отырған жоқ, өзінің даңқты, ұзақ ғұмырындағы ерлікке пара-пар, кезекті бір оқиғаны талантына табынушылар алдына тартпак.

Әлқисса: «Бұл арада жүрт, негізінен, өгізбен жекпе-жекті тамашалайды еken. Едәуір уақыттан кейін біреу шығып: «Сіздердің араларыңызда өгізбен айқасқа түсер талапкер бар ма?» – деп сұрады. Стадионда біздің 700 адамнан бөлек, басқа жақтан да кемемен, өзге көліктермен келген саяхатшылар жетерлік еken. Ешкім тіл қатпады. Ана жігіт екінші, үшінші рет дауыстады. Ешкім қозғала қоймады. Сол сэтте желке тұсымда отырган бір әйелдің «Біздің арамызда ерек кіндік мүлде жоқ еken-ay» деген сөзіне намысым қайнап кетіп, алаңға секіріп түстім...»

Оқиғаның шарықтау шегі. Манадан бергіміз – әдепкі оспак, психологиялық дәйектеме еken. Енді нағыз драмалық тартыс, әрі қым-қиғаш шиыртпақ басталады.

«Алаңға секіріп түстім... Жекпе-жекті үйымдастырғалы тұрған жігіт қолыма қызыл матаны ұстата салды. Бұрын теледидардан қызыл шұғаны қалай ұстап, өгізді қалай алдау керектігін бірнеше рет көргенім бар. Әдетте қызыл матан өгіздің қанын қайнатып, жынын келтіреді еken. Теледидардан көргенімді жасамаққа бекіндім. Бір уақытта тайынша өгізді босатты. Ол көзін аларта маған қарай ұмтылды. Мен қолымдағы матаны біресе он жағыма, енді бірде сол жағыма ұстап, өгізді алдаң тұрдым. Зенғі баба ұрпағы өршелене, ызалана бастағандай. Қызыл матаны тастай салып, қашып кетейін десем, еркектік намысым жіберер емес. Олай ету нағыз масқаралықтың көкесі болары хақ. Қысалғаннан терлеп кеттім. Біртебірте тәуекелге бел буып, ақырына дейін шыдауға серт еттім... Жұрттың бәрі маған ерекше құрметпен қарап, шулап, шапалақ соқты. Нақ бір ұлттық батырдай қошамет көрсетіп, қызық болды...» («Аныз адам» – N12, 2012)

Қызық емес, шыжық болды. Шахаңдан кейін Өгіз-сайысқа шыққан татар жігіті қанша дегенмен, біздің кісідей ептілік көрсете алмай, өткір мүйізге ілініп, қатты жараланады. Эйткенмен, «жарақат алғанына қарамастан, өгізді мүйізінен ұстап, жерге атып ұрды.» Осыдан соң, «нағыз еркектік көрсеткен» татар жігітін емханаға алып кетеді. Шыжық емес, сұмдық болыпты.

Түптеп келгенде, ештеңе болған жоқ. Өйткені... ойын бітті. Енді шынына көшейік.

Бастан-аяқ қиялдан туған қисынсыз ертегіні талдап, терістеп жату қажетсіз. Өмірде мұндай оқиғаның өзі түглі, елесі де болмаған. Коррида – испан жүрттының, ерлік пен еп сынға түсетін спорттық, салтанат мерекесі дедік. Гүжбан, асau бұқаны қаншама рәсімді тәсіл бойынша піспектеп, найзалап қанға бөктіріп, ақыры, жіңішке, ұзын семсермен жауырын астын бойлата, жүректен шанышп өлтіру – біз үшін баяғы Римдегі гладиатор шайқастарына тетелес, бірақ адам емес, жазықсыз жануар қорлық жазаға тартылатын нағыз әшшады жабайылық көрінсе керек. Алайда, европалық ұйымда ерлік пен серілік. Ал испандар үшін футбол және басқа да спорттық ойындардан әлдеқайда қызғылықты саналатын той-думан. Стадионның орталық алаңына көлденең кісі жіберілмейді. Тіпті, коррида туралы арнайы жазған Хемингуэйдің өзі аяқ басып көрмеген. Ақымақ демейік, бұқа-сайыс жөнінен мүлде бейхабар,

аңғал адам ғана сенуі мүмкін мұндай ертегі біздің елде ғана баспасөз бетіне жол тауып отыр. Баяғыда, Хазіреті-Ғали неше мың кәпірді қатарынан, жапыра шапқанда, зұлпықар қылышы қара жердің қыртысын қақ айырып, бұл ғаламды мүйізімен көтеріп тұрған Көк-Өгіздің мойынын кесіп тұсуге шақ қалып еді. Сол замандағы жұрт сенген. Бүгінгі Көк-Өгізге де кәмән болмай тұр. Бұл Көк-Өгізіңіз – Жоқ-Өгіз деп айтқан кісі – кәпір көрінбек.

Шындығында, М.Шахановтың соңғы отыз жылдағы бар ісі – осы Жоқ-Өгізben шайқас. Жалған ұран, жосықсыз ойбай. Алайда, бәрі де ақиқат шындық ретінде қабылданып отыр. Жалпы жұрттымыздың мақтаны мен масатына таусылмас азық болды.

М.Шахановтың басшылығындағы «тіл жанашырлары» ұйымдастыратын – Кеден Одағына ену, Еуразиялық Бірлестікке қосылу, тағы басқа да тараптағы көлденең шешімдер мен алмағайып жағдаяттарға дәп келіп отырған, қазақ тілін қастерлеу ұранымен, жалпы жұрт назарын басқа жакқа бағыттайтын, зар мен жылауға толы, кемі жүз қырық, жүз елу қайраткер қол қоятын, дәп осы реттегі мәнсіз, мағнасыз һәм нәтижесіз үндеу, жолдамалардың астары мен зардабын таратып айтпай-ақ қоялық, сөзіміз ұзап кетер, әрі бұл – басқа бір реттегі әңгіме.

Испания, Барселона шаһарының Орталық стадионында, мың сан жұрт алдындағы өзгеше өнер – Көк-Өгізben жанкешті шайқас – оспадар көңілден ойланбай айтылған, бейкүнә мақтан дейік. Ақыр түбі Шаханың өз басын ғана әшкерелейтін айғақ. Және алғашқы да, ең соңғы да ғажайыбы емес. Санап түгесе алмайсыз. Алайда, көпе-көрнеу терістеу тұрыпты, аз-маз именшек күмән айтылып көрген емес. Ақыры, бар ісі, бар сөзі өкімет тарабынан астартын қолдау тауып, оған жалғас, нұсқаулы, нұсқаусыз жағдайда бұқаралық ақпарат атаулы дабылдата жанғыртып, соған орай, былайғы барша жұрт қалтқысыз мақұлдап, әулие тұтып, көкке көтере мадақтап жатқан соң, Шахан шектен шыға бастады. Осы орайдағы мың бір мысалдың қырық-елуін «Ғажайып ғұмырбаян» шежіресінде тізіп көрсетіп едік. Айтқанымыздай, ешқандай түсініктеме, терістеме бермей. Енді, Көк-Өгіз – Жоқ-Өгіз хикаясынан соң, амалсыз ашылуға тұра келеді. Түбіне дейін емес, бергі бетінде тұрған, жекелік сыпаттағы, айрықша оғаш бір-екі мысал ғана. М.Шахановтың бұткіл қазақ қауымын басынуы, алаштың өткендегі және бүгінгі мерейлі азаматтарының біразын жаппай каралау әрекетінің нақты көрінісі.

Сөз – халқымыздың ұлық батыры, ұлттыл қайраткері Бауыржан Момышұлы мен әйгілі ақын, ол да ұлттық сананың оянуы жолында қажырлы еңбек еткен Қадыр Мырза-Әлі тұрасында. М.Шахановтың баяндауынша, бұл екі тұлғаның біріншісі – аусар, ақымақ, екіншісі – аяр сатқын болып шықкан. Және бұл жалалы, жалған сөздер айтылып, жазылып, баспа бетіне өтіп, жалпы жұртқа таралғалы бірталай заман болса да, ешкім тым құрса аз-мұз реніш білдірmedі, біздің бұл жолғы лепесіміздің де жарыққа жетеріне сенім жоқ, айттық, қазақ бейресми баспасөзінде Назарбаевтың өзінің атына азды-көпті уәж айтылып жатса, М.Шахановқа әлденендей бейкүнә ескерту жасаудың өзі мүмкін емес.

Сонда да, біз жазған сөз жерде қалмас, ақыр түбінде көрініс берер деген сеніммен, ойдағыны ірікпедік. Мейлінше сыпайылап, жалтақтай, жасқана отырып.

Жасыратыны жоқ, кезінде біздің үстімізден жұз пара жалалы арыз ұйымдастырған М.Шахановтың кезекті бір мазағы – Екінші Жихан соғысының батыры, қазақ халқының мақтанышы, өр тұлғалы Бауыржан Момышұлы болыпты. Сырттай, үстірт көзге Бауkenді көтермелейтін сияқты, өлеңмен жазылған, сюжетті, біртұтас хикая «Женіліп тұрып жеңілмеу, немесе Бауыржан Момышұлының кешірім сұрауы» аталады. Қазақ тілді сайттарда қанша мәрте басылған, интернетте берік орын тепкен. М.Шахановтың жеке жинақтарына да енсе керек. Соның бәріне көніп отырмыз. Өйткені, жалпы жұрттымыздың, өкіметіміз бен партиямыз, көшпілік баспасөздің ұғымы бойынша, М.Шаханов бағзыдағы, мекентұрағы, нәсіл-тегі белгісіз, зұлым Шыңғыс хан тұрыпты, кейінгі, өзіндік мемлекеті болмай, «жеті жұз жыл бойы монғол билеген» бүткіл қазақ тарихынан, өткендегі қандай да хан мен батыр, қайраткерден жоғары тұр. Осы ретте Бауыржан Момышұлы – қатардағы көп садақаның бірі ғана. Басқаны білмеймін, мен өзім мұндай... сөз жетпейді, сөз жетсе, ағымдағы акпаратқа өтпейді, мұндай сорақы жағдаймен келісе алмаймын. Міне, мыйынцызға салмақ түсірмей, үстірт қана қарап шығыңыз.

Өлеңмен жазылған, көркемдік атаулыдан ада, күлді-көмешті хикая:

«Мен ол кезде әр адымын еркін, батыл басатын,  
Айтқанынан қайтпайтұғын, едім қайсар жас ақын», –

деп, естелік тұрғысында басталады. Шамасы, 1960-жылдардың екінші жарымына мегзесе керек. Әлі әлемге танылмаған, бірақ бұла, басасау кезі. Алайда, Бауыржан Момышұлы жақсы біледі екен. Тәрізі, оқыған, мойындаған және айрықша жоғары бағалайды. Эйтпесе, өз тарабынан іздеу салып, тілдесуге құмартпас еді. «Бірде маған хабарласты Момышұлы Бауыржан.» Не айтқаны белгісіз, ақыл сұрады ма, ақша сұрады ма, әйтекеүр «Біраз уақыт телефонда ол, тек орысша сөйледі.» М.Шаханов бұл кісінің Бауыржан екенін біле тұра, одан әрі тыңдай бермей, келтесінен қайырады.

«Кешіріңіз, – дедім оған, – ұлтсыз қазақ парықсыз,  
Мені орыс адамымен шатыстырып алыпсыз.»  
«Жоқ, – деді ол, – үнің сенің неге ызгарлы, неге тоң,  
Мен жас ақын Шахановқа соғып тұрмыс телефон.»

Сонда зәрлі, салқын ғана емес, мұздай қатқыл сөйлеп тұрған жас ақын келтесінен қайырып, Момышұлын жерлей бастайды:

«Ал Шаханов сізше қалай, айналған ба орысқа,  
Әлде орыс тілділермен түскен жан ба жарысқа?» –

деп, бұдан соң, арасына әлдебір көтерме сөздер қосқанымен, біржола сөгіп, әңгімені одан әрі созбалауды қажет санамай, телефон трубкасын тастай салады.

«Уақыт өтпей қасқағым,  
Менің қайсар міnezімे үндемей бас шайқаған,  
Телефоным шылдырады қайтадан.»

Жаңағы орысшыл шіркін еken. Бірден-ак пұшайман кішілік танытады:

«Кешір, Мұхтар, – деді Баукең, – иттігіме дес берме,  
Қаншама жыл тек орысша сөз құрадық әскерде...»

Онда бәрі де басқаша, тек орыс тілінде ғана сөйлейсің, орысша ойлап, орысша тұс көресің, осындаи, «ұлт намысын қорлаған, ұлтсыздандан қызметте» жүріп, ғадет болып кетіпті деп, мейлінше ақталады. Содан соң қайыра толғанып:

«Беделімді бес тыын қып, сұрап тұрмын кешірім,  
Кешір мені, айналайын, енді мұлде өзгерем,  
Қазақпенен тек қазақша сөйлесуге сөз берем», –

деп, ант-су ішеді.

Міне, керемет. Өстіп, «қайтпас, қайсар жас ақын» М.Шаханов орысшага біржола кетіп қалған, ұлттық танымнан аулақ Бауыржан Момышұлын түзу жол – ұлттық мұдде, қазақ тіліне қайырып әкеліпті.

«Айтты, бітті, еш күш оған бола алмайтын бөгесін,  
Қазақтың өр, ұлы адамы, орыннады уәдесін!»

Бұдан әрі өзінің «иттік» қателігін мойындал, М.Шахановтан жеңіле тұра, тубегейлі рухани жеңіске жеткен ұлы тұлға атына мадақ сөз айтылады. Хикаяның соңында ғана емес, әр түсінде ұшырасқан лепес. Қай жерде де мадақ емес, мазақ сияқты. Ұлықтау емес, ұлтарақ қылу. М.Шахановтың өктем бейнесін негіздей түсетін қажетті баспаңдақ қана. Бойына жан теңгермеген, қашанда қалаулы ырқымен, тіпе-тік жүрген, нәтижесінде өз тұсы, Совет заманында Батыр атағы бұйырмаған, генерал дәрежесі берілмеген, бірақ әлемге танылған «Волоколам тас жолы» романының басты кейіпкері, өзі де әскери жазушы, ана тілінің барлық қыр-сырына жетік, ең бастысы – бүткіл қазақ халқы ұлттық қаһарманы санап, көкке көтерген аныздық тұлға, сонымен қатар, қашанда кеудесі биік Бауыржан Момышұлы бұрнағы, жаңа бастаған «жас ақын» түгілі, кейінгі «әлемге әйгілі ұлы ақын» М.Шахановтың өзінің атын естіді ме еken, естісе, оған телефон шалуы тұрыпты, осыншама бейпіл сөз айтып, «трубканы тастаған» тұрпайы баланың аяғына жығылып, жалынып-жалпайып кешірім сұрауы қаншалық қисынды деп, тәжікелесіп жатудың

өзі парықсыздық болар еді. Батыр Баукең, ұлтшыл Баукең М.Шаханов дейтін балаға «бұдан былай тек қазақша сейлеймін» деп үәде береді және осы антын орындаپ, «мұлде өзгеріп», кәдімгі қазақ болып шығады! Кереметі – бұл емес. Кім туралы кімнің басында қисынсыз қиял жок. Кереметі – осы, кешіріңіз, кезекті сандырақты бүткіл қазақ қауымының сол қалпында қабыл алуы. Қабыл алмаса, құп көрмесе, мұндай «Көк-Өгіз», шын мәнісінде дүниеде болмаған Жоқ-Өгіз бағзыдан бүгінге дейін интернет, баспасөз бетінде еркін сайрандап, тынымсыз жапалап, төнірегін түгел былғап, семіре қонданып, жүре бермес еді. Әредік, санасыз бір ақпарат бетіне өтіп ктесе де, көлденен тараптан «Тәйт» деген тоқтау естір еді. М.Шахановты қөтермелеу үшін, Бауыржан Момышұлының алашқа әйгілі өршіл бейнесіне көлеңке түсіру шарт екен. Бұдан әрі талдап, талқылап жатудың өзі намыс болса керек. Эйтсе де, осыншама дабыралы даңғырақ – М.Шахановтың жеке жинақтары мен ағымдағы баспасөзді білмеймін, мениң қолым еркін жетер интернеттегі, 2013 жылдан күні бүгінге дейін созылып келе жатқан, – үйіре топтап, ерінбей санап шықтым, аз-кем емес, тура тоқсан сегіз мәрте қайыра басылған бейбастақ хикая – мұлде елеусіз қалдырақ кесел емес.

Жарар, Бауыржан Момышұлы М.Шахановтың ескертуінен кейін он жолға түсіпті, түзеліпті. Қайткенде де «ұлы тұлғаның бір сәттік осал тұсы» екен. Алайда, түзелмей кеткен кісі бар. Бір мезеткі жағдаят – тіл кінәраты емес, ұлтын, туған халқын сатқан опасыздық. Тым құрса аз-мұз тәубаға келмestен, сол беті дүниеден өтіпті. Бар қоясы өлгеннен кейін шыққан пәлекет. Кім деп ойлайсыз? Қайткенде таба алмайсыз. Қадыр Мырза-Әлі екен!.. Сұмдық-ай!! Міне, Шахаңың әр тарапта неше қайыра айтқан нақты күәлігі:

«Әрбір адам міндетті түрде ұлттық мұддеге тамыр жіберуі тиіс. Егер жібере алмаса, жай әншейін өзінің қара басының қамын құйттеу үшін өлең жазып жүрген адам. Мәселен, Қадыр Мырзалиев ағаң керемет дарынды ақын. Өлендері керемет. Бірақ сөзі бір басқа да, ісі бір басқа. Желтоқсан кезінде аланға шыққандардың барлығы маскунемдер мен нашақорлар дегенді қозғады. Билік не айтса, соны орындарды. Керек болатын болса, бас прокуратура, КГБ, МВД бірлесіп комиссия құрмақшы болды бізді жоққа шығару үшін. Соны қолдады. Негізі екеуіміз ағалы-інілідей бір біріміздің сөзімізді жықпайтын жақсы қарым-қатынаста болғанбыз. Тіпті, мениң қолымда жүрген туған қарындастым Қадыр бір ай көмектессін деп өтініш жасағанымен тоғыз ай бала-шағасын бақты. Біздің жақсы аралас-құралас болғанымызды ол да айтып отыратын. Билікке сатылып кеткеннен кейін мен Қадырдан теріс айналдым. («Алтайныюс» – 17.I.2014; «Інжу.кз» – 24.I.2014; «Ұлт.кз» – 21.I.2014).

«...Егер мен КСРО президенті Горбачевтің нәмірі бірінші қарсыласы Ельцинді өз жағыма бүрмағанымда, Кремль мінбесінен билікті қatal сынға алған сөзіменен кейін-ақ жан-жақты ойластырып құрылған, ішіне сол оқиғаға кінәлі адамдар енген Қадыр Мырзалиев басқарған комиссияның Горбачев–Колбин басшылығы ұйымдастырған қанқұйлы

істерді түбегейлі ақтаған шешімі салтанат құрары айдан анық болатын.» («Зона.кз» – 20.IX.2010).

Ал, керек болса! «Керемет ақын» – көз үшін ғана айтылған, шын мәнісінде «сөзі бір басқа да, ісі бір басқа», жай ғана бейкүнә іс емес, жеке басының тиімді пайдасы үшін туған халқын құрбанға шалған опасыз! Бітті, Қадыр Мырзалиевтің шаруасы!

Бітпейді. Осы бір дәлел, дәйектерінде жалалы сөздер ақыр түбі, айналып келіп, М.Шахановтың өзін табуға тиіс. Бұл арада Қадыр ақын қосақ арасына тіркеліп отыр. М.Шахановтың Желтоқсан қозғалысына қатысты, айныма, тайғанак, ақыр түбі құрдымға батқан баянсыз қызметін ақтап алу, бар кінәні басқаға аударып тастау үшін. Бүгінде Қ.Мырза-Әлінің көзі жоқ, көпе-көрнеу жалаға жауып қайтара алмайды. Ал М.Шахановтың жолына батыр Баукеңді құрбанға шалған қалың қауым Қадыр ақынды да қынқ етпей бере салыпты. Шынымен-ақ осыншама азып-тозғанымыз ба?!

Өлгендер туралы жалған, тіпті жалалы естеліктер жазу – бүгінде қазақ әдебиетінде кең өріс тапты десек, бұл қолайсыз құбылысқа алғаш дем берген қаламгер – осы Қадырдың өзі болатын. Осы орайда, өмір бойы сыйласып өткен ескі доспен арамызда алалық туып, біраз жерге кетіп қалғанымыз жұртшылыққа белгілі. Тек біз ғана емес, талай жазарман өз кезінде орынды уәж айтқан. Оның ішінде Сайын Мұратбеков, өлгеніміздің артынан осындай шала жағып, бықсыта берсек, қазақ әдебиеті қандай кепке түспек деп қүйінген еді. Енді міне, сол Қадырдың өзінің соңынан жетіпті. Табалаудың жөні жоқ, және кіслікке жатпас. «Ағайынның азары болса да, безері болмайды» деген, көпе-көрнеу жалаға ара тұрмасақ, бәрімізге сын. Жай ғана жала емес, зіл-зардапты, ауыр айып – «биликке сатылып», туған халқына опасыздық жасағаннан артық қандай күнә болуы мүмкін?!

Жоқ, Қадыр – шын мәнісінде ел-жұрттының айнымас патриоты болатын. Сонау советтік қыспақ заманның өзінде қазақтың сөзін сөйлемді, арман-мұратын әйгіледі, ұлттық сананы көтеру, ана тілін ардақтау бағдарында қаншама өтімді, ұлгілі шығармалар жазды. Пенденешілік әркімде бар, алайда ұлттық бағдар мәселесінде Қадырдың жаза басқан жері жоқ, барлық уақытта тұра жолдан таймады, иман, сенімінен айрылған емес. Ал М.Шаханов дабыралап отырган жағдай – ешқашан өмірде болмаған «Көк-Өгіз» – Жоқ-Өгіздің кезекті бір көрінісі ғана.

Алтынды сары мыс та емес, тіпті, қара темір де емес, шала иленген саз балшық деп жарияласа, оның жауабы айқын. Асылға күйе жұқпайды, негізі берік, ал қандай көң мен қоқыс өзінен өзі тозып, таусылуға тиіс.

М.Шаханов дәп осы ретте айнымас бірлік тапқан өкіметіміз бен жалпы жұрттымыздың ұғымында қандай алып тұлға болса да, оның мақтаны мен мерейі жолында Бауыржан Момышұлы мен Қадыр Мырза-Әлі құрбанға шалынар жөні жоқ.

Маусым, 2016,  
Америка Құрама Штаттарынан.

**Қосымша. Тағы бір хат**  
 (“Қазақ әдебиеті” газетінің редакторына)

**Жұмабай шырақ!**

Ұзағырақ бір дүниеден қолым босамай, кешіктіріп жаздым.

Сенікі қызық болды. Ауыр, ашық айтылған мақаланы қорықпай басасың. Содан соң, бастан-аяқ мадаққа құрылған және менің емес, Алыптың өзінің интернетке шыққан, газет, журнал, кітаптарда басылған сөздерінің ірікті топтамасын қайыра жариялаудан ең соңғы сәтте тартынып қаласың. Мен біліп отырмын, осы екі ортада «Тіл жанашырлары» аталатын бандоформированиенің белсенді мүшелері тіміскіленіп жүріп, сенің газетіңе қатысты нақты ақпар алды. Анығы – мәтіннің толық көшірмесін. Содан соң, мен әлденеше рет бастан өткерген жағдаят жөнімен, республика президентінен бергі, өкімі зор, қаншама кісіні араға салып, немесе, қалыпты әдеттері бойынша, әйтеміз, бүйтеміз деп доңайбат жасап тоқтатты. Бекерге қорықтың. Өйткені, бұған дейін межелі шектен өтіп кеткенсің. «Жоқ-Өгіз» ешқашан ұмытылмайды. Әлі талай рет алдыңа тартылмақ. Бұл, МұштарМаханизм жолындағы рухани-кriminalды топ, өздерінің дүмше танымы, шалағай сауаты, түйсіксіз, арсыз мінез-құлқына қарамастан, кешегі КГБ-ның барлық билғаныш тәсілін жете менгерген. Сенің «Жоқ-Өгізіңен» соң, Қазақ атын жамылған, Абай есімін бүркенген және басқа да жарқын атаулы интернет сайттарда басылған арнайы мақалалар мен комменттерге қайыра қара. Тумысы құл-құтан, тұрмысы лас, ҚИса, ДҚу, Құдияр, Мамай деген, тағы қаншама атаулы, атаусыз жандайшап маған арнап, саған қөлденең қиғаштап, дүниенің бар боқтығын үйіп-төкті, кісәпір қылдық деп ойлайды, шындығында нәжіс пен былапыт өз бастарына құйылып жатыр. Әйткенмен, бұл – осымен бітті деген сөз емес. Біздің жағдай әуелден белгілі. Баяғыда: «Мені қараламақ болған кісінің өзі қарабет болады» дегенім бар. Қолдарынан келсе, атып қана емес, азаптап өлтірер еді. Амалдары жоқ. Ал сен бітіспес жаңа бір жау таптың. Орта жолдан бекер тоқтадың деп отыруым содан. Енді артын күт...

Озінде ренішім көп еді. Жеті түйіннің біреуі тарқады. Сен Мұхтар Мағауин қашан, қайда жүрсе де, өз орнында, берік, әрі нық тұратынын білуге тиіссің.

Мұхтар аған,  
 1.IX.2016, Жердің арғы бетінен

**Төтенше дәйектеме**

Таң қалдым. Бір емес, екі қайтара. Шахана қатысты қандай да кереметке таң қалудың өзі қисынсыз екеніне қарамастан. «Жоқ-Өгіздің» «Қазақ әдебиетіне» басылымынан соң.

Бірінші. Шахановшылар байбалам салсын. Ойбай да аттан. Өздерінің үйреншікті ғадеті бойынша («Эмигранттың» жалғандыққа құрылған хаты». – «Қазақұн.кz – 12.VII.2016; «Абай.kz» – 11.VII.2016.) Бұл жолғы ерекшелік – Адамзаттың Алыбы, Қазақ тарихындағы ең ұлы тұлғаның Ақын, Тарихшы, Курескер, Саясаткер ғана емес, әлемге әйгілі матадор (тореадор) екені туралы. Испания-Барселона, Орталық стадионда мың сан жұрт алдына шығып, ерекше өнер көрсетуі – ақырат шындық. Мұның дәлелі ретінде, Шаханың көтерем бұзау-торпақпен бірге түскен суретін қоса берді. Міне, көріңіз, сеніңіз, десті. Кәдімгі, ауыл іргесінде көлеңкелеп жүрген, баяғыда осы Шаханың өзі, Шаханың көз көріп, кездеспеген сырттай досы, монғол космонавт Гуррагча, тіпті, бүгіндегі теріске тартқан, адап достығы күмәнді біздің өзіміз – бала Мұхтар, ерттемей мініп, жарысып ойнайтын кәдімгі бұзаудың тетелес ағасы, әлі тайыншага да өтпеген торпақ қой. Мұнау, бүйірі қабысып, түгі үрпиген сұқытына қарағанда, сұтке жарымаған, көтеремге жақын халі бар. Арнап, епетейсіз сыйылған жалғыз, тұқыл мүйізі демесек, кәдімгі үйпалақ, жетім торпақтың нақ өзі. Көрнекі сурет. Деректі дәлел. Артынша, кейбір нигилистер осының өзі қолдан қыстырылған жасанды сурет деп жатты. Олай емес. Шахан өтірік айтпайды. Бұлтартпас тағы бір айғақ бар. Бұткіл испан жұрттың таң қалдырған жанкешті сайыс көп ұзамай, Москва теледидарынан арнайы көрсетілген екен! (М.Шаханов. Жекпе-жексіз мүмкіндік жоқ ұлтты сақтап қалуға» – «Қазақұн.kz» – 5.I.2018.) Ал енді теріске шығарыңыз. Қолмен ұстап, көзге шұқып. Одан бері отыз жыл өткен. Бірақ Мәскеуге арнайы барып, архив ақтартсаныз, сөз жоқ, табасыз. Яғни, күмәнсіз ақырат.

Екінші. Шаханың ғажайып өнеріне шæk келтірмесе де, ойланып қалған безерлер бар екен. Жат жер, үйренбеген кәсібі, аяқ астынан қалайша жетігіп кетті деп бас қатырады. Бұл тарапта қаншама қиғаш айғақ бар. Кейбіреу Меримені оқыған, бірталай жұрт Хемингуэйді біледі. Көпшілік қауым «Карменді» көрген, көрмесе де атақты арияны радиодан естіген. Шаханың Алыптығына күмән жоқ, бірақ аяқ астынан Барселона мен Мәскеуде қатарынан тореадор ретінде даңққа жетуі... қындау сияқты. Осында, көзі жартылай ашық күмәншілердің бірі – Думан Рамазан екен. Анығына жету үшін, қолда түрған интернетке жүргінеді ғой. Міне. Испания – бұқа сайыс қоррида... Бар керегі жапырладап тұр. Нақты мәтіндер үстіне қаншама видео, көрнекі сурет. Тіпті қызық. Осы қызықтың бірін өзінің сайтына көшіріп алады. Өзі көрді, енді қалған жұрттың алдына тартпақ. Әп-пәлі. Мүйізі шанырактай, жаурыны күржиген, мойны бітеу, қабырғасы қалың гүжбан бұқа... әлдебір сымбатты жігітті тырапай асырып, аямай мүйізденеп жатыр. Құдай сақтасын, біздің Алып Тұлғамыз Шахан мұндай кепке түсіү мүмкін емес, сол сүзеген, нойыс бұқанызды өзін жәукемдемесе, иә, бітім-тұрпаты да басқаша, бөтен біреу – кәдімгі, қалтасында атаулы дипломы бар, қажет-

құжаты түгел, тәрізі бұрын да сан рет сайысқа шыққан, арнайы, әлем-жәлем киімді испан жігіті – профессионал матадор... Думан бауырымыз шошып кетпесе де, екі көзі бірдей ашылып, ішін тартады. Коррида деген осындай болады екен... Яғни, Шахаңның сол сапарда Мадридтің атақты «Реал» командасының кезекті ойынына орталық шабуылшы ретінде қатысуы ықтимал десек те, мына апай-топайда жанкешті тореадор ретінде алаңға шығуы негайбыл. Тіпті, мүмкін емес. Бірақ Алыпқа бас ұратын жанкүйер бала күмәнді, теріскей пікірін нақпа-нақ айта алмайды. Бар ниетін бейнелі түрде жеткізген. Иә, солай солай ғой... Бірақ... «Шаханов билікке қарсы күресіп жүр, сондықтан біз қайткенде осы кісіні мақұлдан, жақтауға тиіспіз.» Яғни, Курескер Алыптың қара-қасқа өтірігінің өзін аппақ, ақиқат шындық ретінде қабылдау шарт. Ал біз... мына Мұхтар Магауин... «билікке қарсы» күреспедік, сондықтан ақиқат сөзіміздің беті теріс саналуға тиіс!... О, керемет! Осындай ұғым-түсінікпен бұл шіркін қалайша қолына қалам ұстап, жазушы болам деп, анығы – болдым, толдым деп жүр? Әдебиетте алғашқы қадамдарын қолдан, баспасөзде бекуіне септесken сияқты едік, дәп осындай «шыншыл» деп кім ойлаган. Қайран қалдық. Мәселе, бір заманда біздің алдымыздан өтуінде емес. Шахаңның қайтпас жандайшабы Құдияр Біләлдің алғашқы повесін де біз жариялағанбыз. Ол түгілі, Алып Шахановтың өзінің бірінші кітабын мына Мен шығарып бергем. Мәселе тамыр-таныстық, алыс-берісте емес. Андерсеннің сынық айнасы сияқты кері көріністе. О тоба! Мұхтар Магауин «билікке қарсы» күреспейді, сондықтан оның шын сөзінің өзі назарға алынбауға тиіс. Ал Шаханов «билікке қарсы күреседі», осыған орай қандай қисынсыз өтірігі, теріс, тіпті, зиянкес іс-әрекетінің бәрін жантәнімізben қорғап, жалпы жұрт алдында әлемдік ақиқат ретінде насиҳаттауымыз керек! Рухани азып-тозудың бұдан сорақысы бар ма екен? Іздесек, оны да табамыз. Сол төніректен. Шахаң салған сара жол осылайша салтанат құрып жатыр.

24.VII.2019  
Күміс Бұлақ кенті, АҚШ.